БАЙҚАУШЫҒА ЖАДНАМА

2021

Бұл жаднама «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Заңына сәйкес дайындалған.
Құрастырушы: АҚШ елшілігінің (Астана) қолдауымен «ЭХО» қоғамдық бірлестігі.
Жаднамада байқаушы үшін негізгі ақпараттық түсініктемелер берілген.
Тәуелсіз байқаушылар үшін толық ақпарат тренингтерде нақты түсіндіріліп, жеткізілетін болады.

Тәуелсіз байқаушылар деген кімдер?

Әділетті сайлау үшін тәуелсіз байқаушылардың рөлі зор.Олар сайлау процесін әділетті түрде байқап отырады. Себебі, тәуелсіз байқаушылардың басты міндеті – сайлаудың әділ және таза өтуін бақылау. Олар сайлаудың қорытындыларына бейтарап көзбен қарап, нәтижесіне мүдделі болмауы тиіс. Олар үшін басты принцип - сайлауды обьективті түрде бағалау.

Сайлау барысын байқауға тиісті ақпараттарды жинау,сайлауға баға беру жатады. Байқаушылардың атқару қызметтеріне келесі функциялар жатады:

- Сайлау процесін легитилдеу(заң шеңберінде екенін анықтау);
- Сенім ұялату;
- Демократияландырудың болашағын арттыру;
- Дау-дамайлардың санын азайту,оны болдырмаудың алдын алу.

Азаматтық қоғамның (АҚ) басым көпшілігі және үкімет емес ұйымдар (ҮЕҰ) Тәуелсіз байқаушылардың қатарына кіреді.Тәуелсіз байқаушылардың белсенділігінің арқасында сайлауды басқарушы органдармен қызметтік тұлғалар сайлау барысындағы туындаған келеңсіздіктер жайлы ақпарат алады.Сайлау процесіне белсенді түрде байқау жүргізу, немқұрайлы түрде жасалған бақылаудан гөрі әлде қайда маңызды.

Сайлау органдарымен байланыссыз өткізілген пасивті сайлау процесі өткен соң тек қана құрғақ есеп жасалады. Егер пороблемалар дер кезінде байқалып,оған назар аудартылып жөнделсе, ондай кезде оның керағар әсері бүкіл сайлау барысына теріс әсерін тигізбейді.

Ұлттық байқаушылар сайлаудың еркін және әділ өтуіне ықпал етеді.Олар келесі міндеттерді атқарады:

- Жіті бақылау арқылы проблемаларды дер кезінде анықтап,оларға назар аударады.
- Сайлау процесінің жариялылығын арттырады. Оларды жұртшылыққа таныстырып отырады, проблемалардың нақты аты-жөнін белгілеп, оның сайлау тигізген тұсын анықтап баға береді.
- Сайлаудың қаншалықты шынайы,әділ өткендігін бағалайды. Қаншалықты «таза» не «лас» өтті? Оның нәтижесі сайлаудың түбегейлі қорытындысына қаншалықты әсер еткендігін анықтайды.
- Сайлаудың саясаты мен процедурларына ұсыныс береді.

ҚОРЫТА АЙТҚАНДА, ТӘУЕЛСІЗ БАЙҚАУШЫ - САЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ ӘДІЛ ЖӘНЕ ТАЗА,ЖАРИЯЛЫ ТҮРДЕ ӨТУІНЕ ҮЛЕС ҚОСАТЫН БЕЛСЕНДІ, АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯСЫ БАР, ӘДІЛЕТТІ АДАМ.

ТӘУЕЛСІЗ БАЙҚАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Тәуелсіз байқаушының құқықтары мен міндеттері ҚР Конституциясының «Сайлау туралы» Заңының 20-1 бабымен реттеледі.

ҚР қоғамдық бірлестігі мен комерциялық емес ұйымдардан байқау жүргізетін байқаушылардан өкілеттілігі тиісті төлқұжатпен тегі,аты,әкесінің аты жазылған хаттама арқылы куәландырылады. Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның

мөрімен расталады. Және құжаттың растығы байқаушының жеке куәлігін көрсетуімен ғана дәлелденеді деп саналады. Құжаттар сайлау комиссиясының төрағасына немесе оның міндетін атқарушыға көрсетіліп, арнайы тіркеу жорналына жазылады.

Қорыта айтқанда ҚР»Сайлау туралы «Конституциялық Заңы байқаушының алдын ала учаскелік немесе аймақтық сайлау комиссиясына келіп тіркелуі жайлы ешқандай басқа процедураларды талап етпейді. Байқаушының күні бойы учаскеден шықпай отыруы шарт емес. Ол сол жіберген учаскеде қалаған уақытында кіріп шығуына құқы бар.

Бір ғана шарт-байқаушы сайлау учаскесіне дауыс санау мерзіміне дейін оралуы тиіс. (Жергілікті уақытпен 20-00.)

Дауыс бюллетеньдерін санау басталған соң учаскені тастап кеткен байқаушы дауыс санап жатқан жерге кіре алмайды

ҚР Орталық сайлау комиссиясының 04.XII-2020 жылғы №44/371* Қаулысына сәйкес:

- Сайлау процесін байқау үшін жіберілген ұйымның өкілеттілігі азаматтың саяси құқық шеңбері байқаушыны жіберген ұйымның Жарғысынан алынған Үзіндімен расталуы тиіс
- Байқаушыға берілген жолдама ұйым басшысының қолымен расталуы қажет.
- Жолдамада сайлау учаскесінің нөмірі көрсетілуі керек.

* Осы белгімен көрсетілген ережелер ҚР»Сайлау туралы»Конституциялық Заңда қарастырылмаған

Байқаушының құқықтары

ҚР сы қоғамдық бірлестіктері мен комерциялық емес ұйымдардан жіберілген байқаушылардың мынандай құқықтары бар:

1) Сайлау комиссияларының мәжілістеріне қатысу;

2) Сайлау учаскесінде және учаскеден тыс жерлерде дауыс бергендер жайлы ақпарат алу;

3) Тиісті сайлау учаскесі ғиммаратында дауыс беру кезінде болу және дауыс санау кезінде болу;

4) Жылжымалы дауыс жәшігін бірге алып жүруге және тасымалдау көлігінде бірге болу;

5) Дауыс беру барысын, дауы- старды санау мен дауыс беру нәтижелерін тіркеу тәртібін нақты шолу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарда сайлау уаскесінде бақылау;



6) Тиісті сайлау комиссиясы мүшелерінің дұрыс немесе бұрыс шешімдеріне одан жоғарғы тұрған сайлау комиссиясына шағым түсіру;

7) Дауыс беру ғимаратына келу мүмкіндігі жоқ сайлаушылардың дауыс беру процесіне қатысу;



8) Фото-аудио-және бей- не таспаға түсіру (тек дауыс санау жұмыста- рына кедергі келтірмеу арқылы);



9) Фота-аудио-және бейне таспаға түсіруіне;(Тек дауыс санау жұмыстарына кедергі келтірмеу арқылы);

10) Дауыс нәтижесі қорытындыланған хаттаманы тиісті жоғарғы тұрған сайлау комиссиясына жеткізу процедурасын бақылау;

11) Дауыс беру аяқталған соң сайлау комиссиясының қорытынды хаттамасымен танысып куәландырылған көшірмесін алу.

12) Сайлау комиссиясы мүшелерінің «Сайлау туралы» Конституциялық заңында жіберілген кемшіліктеріне назар аудару. Сол туралы жазбаша түрде шағымдар түсіру.

Бұзылған сайлау ережелері туралы акті жасап, тапсырғаны жайлы белгі соқтыру.

Байқаушының міндеттері

ҚР қоғамдық бірлестіктері мен комерциялық емес ұйымдар байқаушыларының міндеттері:



1) Қолында өзінің жеке куәлігі мен өкілеттілігін растайтын құжаты болуы тиіс;

2) Сайлау процесіне және дауыстарды санауға кедергі келтірмеуге,сайлау комиссиясының өз шешімін шығаруға араласпау;



3) Сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс қимылдар жасамау;

4) Тиісті сайлау комиссиясының төрағасы орнатқан тәртіп талаптарын орындау;

5) Байқаған кемшіліктері мен заңсыздықтарды тексеруге болатын айғақтар мен құжаттар арқылы дәлелдеу;

6) Аталған ҚР Конституциялық заңының және басқа да заңнамалардың талаптарын орындау;



7) Бейтараптық ұстанымды сақтай отырып белгілі бір кандидатқа немесе саяси партияға бұрмаламау.







Тәуелсіз байқаушыға

РУҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ:



1) Дауыс беру күні үндеу, мәлімдемелер жасау.



2) Санақ нәтижесі жайлы пікір айту.



3) Дауыс беру күні сайлауға қатысты деректерді әлеуметтік желіде жариялауға(фота, бейне таспалар арқылы жіберілген кемшіліктерден басқа).



4) Дауыс беру күні сайлау процесіне қандай да болмасын баға беру.



5) Сайлаушылардың тізімдерін фота,және бейне таспаға түсіруге себебі бұл деректер жеке адамның басына қатысты болса.

Егер байқаушыға кез келген азамат немесе ұйым,соның ішінде құқық қорғау органдары тарапынан қысым көрсетіліп,әртүрлі сұрақтармен мазасын ала берген жағдайда байқаушы ол жайлы өзінің үйлестірушісіне хабарлайды.

БАЙҚАУ ЖҮРГІЗУДІҢ ТҮРЛЕРІ

Байқау жүргізу екі түрлі жолмен атқарылады.Ұзақ мерзімді байқау-сайлау өткізіледі деп хабар жарияланған күннен бастап,сайлаудың қорытындысы шыққан күнге дейін;
Қысқа мерзімді байқау-сайлау учаскесінде дауыс беру күні байқау өткізу;

Ұзақ мерзімді байқау

Ұзақ мерзімді байқауға мыналар жатады:

- Сайлау өтетін аймақтағы барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының, жергілікті атқару органдарының және басқа да нысандардың қызметін бақылау;
- Саяси партиялардың партиялық тізімі бойынша құрамдарын жасақтау және ұсыну қызметін бақылау;
- Саяси партиялардың үгіт-насихат науқанын қалай жүргізіп жатқанын бақылау. Атап айтқанда, олардың сайлау алды үгіт науқанын қалай жүргізіп жатқандығын дәстүрлі БАҚ пен әлеуметтік медиа беттерінде үгіт жұмыстарын бақылау;
- Саяси партиялардың сайлау алдындағы кезеңдегі талап-арыздарын бақылау.

Ұзақ мерзімді байқау жүргізу барысында тәуелсіз байқаушылар сайлауға қатысушы саяси партиялардың штабына бара алады.Комиссиялардың сайлауға қатысты іс шараларына қатыса алады.
БАҚ беттеріндегі үгіт науқанына бақылау жүргізеді. Сайлаушылардың жинаған барлық деректері мен мәліметтері жинақталып сарапталады және соның негізінде ұзақ мерзімді байқау жайлы есепті құжат дайындалады.Осындай есеп дайындалу байқаушыға сайлау процесіне толық және жан жақты баға беруіне көмектеседі.Себебі бұл құжаттың ішінде тек қана дауыс беру күнінде алынған деректер емес,сонымен бірге ұсынған кандидаттар емес партиялар, олардың тіркелуі жайлы мәліметтер,үгіт науқанының жүргізілу барысы.
БАҚ бетінде жарияланған сайлау материалдарын дайындаған әкімшілік органдары жайлы қамтылған мәліметтер және т.б.

Қысқа мерзімді байқау

Қысқа мерзімді байқау немесе дауыс беру күнгі байқауды қоғамдық азаматтық ұйымдар өз күшімен тиісті командаларының күшімен атқарады. Тәуелсіз байқаушылар болсада дауыс беру күні станционарлық орында отырады,яғни сайлау учаскесі ашылған уақыттан сайлау нәтижесі қорытындалған уақытқа дейін болады.

Стационарлық ғимарат пен мобильдік топта байқау жүргізген кезде тәуелсіз байқаушылар бірыңғай ереже мен алгоритімді ұстанады.
Төменде қысқаша түрде стационарлық ғимратта байқаушылардың ұстанатын алгорритмдік іс қимылдары қарастырылған.

Сайлау учаскесіндегі байқау (стационарлық пост)

УЧАСКЕНІҢ АШЫЛУЫ

Байқаушы учаскеге мынандай құжаттармен келеді:

- Жеке басының куәлігі;
- Байқаушылық куәлігі(жолдама) Онда байқаушының тегі,аты,әкесінің аты,учаскенің нөмірі көрсетіліп, жолдама беруші ұйым басшысының қолы және мөрімен расталуы керек;
- Ұйымның Жарғысынан Үзінді,онда ұйымның қызметі мен мақсаты көрсетілуі тиіс*;
- Толық қуатталған смартфон, қуаттаушы,паузр-банк (егер бар болса);
- Тамақ (бутерброд, су секілді);
- Байқаушының блокноты;
- Санитарлық қажеттілік заттар (маска, санитайзер, қолғап)*.



Байқаушы сайлау комиссиясына Төрағасына мына құжаттарды көрсетіп келіп тіркеледі:

- Жеке куәлігі;
- Байқаушының аты жөні,учаскенің нөмірі жазылған,байқаушыны жіберген ұйым басшысының қолымен ұйымның мөрі басылған жолдамасы;
- Ұйымның Жарғысынан Үзінді онда ұйымның мақсаты мен міндеті көрсетілуі тиіс.*

Комиссияның хатшысына тіркелген соң байқаушы байқау жұмысына кірісіп, сайлау учаскесінің Ашылуына қатысады.

*** Осы жұлдызша арқылы көрсетілген талаптар «Сайлау туралы» заңмен көрсетілмеген, себебі Ковид пандемиясына байланысты уақытша енгізілген.**

Байқаушы сайлау комиссиясы төрағасының іс-қимылдарын байқап отырады:

- Сайлау комиссиясының төрағасы комиссия мүшелерінің қатысуымен дауыс беру жәшігінің ішінде блюллетеньдер бар ма, жоқ па деп тексереді, жәшіктің бүтіндігін, пломбалап мөр басып аузын жабылуын қадағалайды;
- Сайлау комиссиясының төрағасы айлау блюллетеньдерін беріп отыратын жауапты комиссия мүшелерін анықтайды.

*** Осы процедуралар аяқталған соң байқаушы өз үйлестірушісіне учаскенің Ашылуы туралы актіні толтырып жібереді.**

ДАУЫС БЕРУ БАРЫСЫ

Байқаушы дауыс беру барысын байқауға кіріседі:

- Байқаушы дауыс беру барысын барлық сайлау процедураларын айқын және анық көріп отыру мүмкіндігі қамтамасыз етілген жағдайда ғана атқарады;
- Сайлау комиссиясы төрағасына,оның мүшелеріне байқаушылар ҚР «Сайлау туралы» Заңы бойынша жіберілген кемшіліктерін көрсетіп,олардың назарын аударады;
- Жіберілген кемшіліктерді бейне тапаға түсіреді;
- Ескертулерге жауап болмаған жағдайда бұзушылық туралы акт жасайды және сайлау комиссиясының төрағасына қол қойдырады;

Егер сайлау комиссиясының төрағасы көрсетілген кемшіліктер туралы актілерге қол қоюдан бас тартса:

- Екі байқаушыны куәгер етіп актіге қол қоюға шақырады;
- Комиссия төрағасының актіге қол қоюдан бас тартқандығын бейне таспаға түсіреді;
- Осы жайлы өзінің Үйлестірушісіне хабарлдайды;
- Сосын дауыс беру барысын байқаушы онан әрі жалғастыра береді.

Сайлау учаскесі ғимаратынан тыс жерде дауыс беру жайлы жарияланған соң (14-00):

- Жылжымалы дауыс жәшігімен бірге сайлаушыларға баруға шешім қабылдайды;(Ғимараттан тыс жерде дауыс берушілердің арызы көп болған жағдайда);
- Жылжымалы жәшікпен бірге жүргісі келетіндігі жайлы өз үйлестірушісіне хабарлайды;
- Үйлестірушісінің шешімі бойынша жылжымалы жәшікпен бірге жүреді немесе сайлау учаскесінде қалады.

Байқаушы дауыс беру күні барысында:

- Жоспарланған график бойынша байқаушы үйлестірушімен үнемі байланыста болады;
- Жоспарланған график бойынша үйлестірушісіне мезгіл сайын есеп беріп отырады;
- Үйлестірушіге ығы-жығы, дау-дамай, сырттай бюллетеньдермен дауыс беретін көп санды азаматтар жайлы және т.б. сияқты күдік туғызатын оқиғалар туралы хабарлайды.

Штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде байқаушы:

- Дау- дамайға араласпайды;
- Жағдайды бейне таспаға түсіреді;
- Үйлестірушіге хабар береді;
- Егер денсаулығына немесе мүлігіне қауіп төнген жағдайда учаскеден кетіп қалады;
- Дау-дамай мәселесі шешілген соң орнына оралады.

Байқаушы дауыс беру барысында тиісті емес:

- Кез келген үндеу,мәлімдемелер жасауға;
- Санақ нәтижесі жайлы пікір айтуға;сайланушылардың дауыс беруге қатысуы және қорытынды нәтижесі жарияланғанға дейін сайлау туралы деректерді хабарлауға;
- Дауыс беру күні әлеуметтік желіде сайлауға қатысты ақпаратты (фота,бейне таспалардан басқа);
- Сайлау процесіне қандай да болмасын баға беруге.

Егер байқаушыға кез келген азамат немесе ұйым,соның ішінде құқық қорғау органдары тарапынан қысым көрсетіліп, сұрақтармен мазасыз ала берген жағдайда байқаушы сол жайлы өзінің Үйлестіршісіне хабарлайды.

ДАУЫСТАРДЫ САНАУ

Дауыс беру нәтижесін есептеу алдында байқаушы санақ процесесіне дайындалады.

Дауыс санағын жүргізу алдында сайлау учскесінің ғимарат есіктері жабылатындығын, ғимаратқа қайта кіре алмайтындығын ескере отырып,қажетті жұмыстарын алдын ала орындап алуға; (Мысалы,мобильді топпен немесе Үйлестіршімен кездесу қажет болған жағдайда) сосын санақ жұмысына толық кірісе алады.

Барлық сайлау процедуралары және дауыс беру аяқталған соң байқаушы Үйлестірушісіне есеп беру формасын толтырып жібереді.

Байқаушы:

- Дауыстарды санау процесін БЮЛЛЕТЕНДЕГІ БЕЛГІЛЕРДІ АЙҚЫН КӨРЕТІН қашықтық арқылы байқап отырады.
- Барлық қателіктерді бейне таспаға сол заматта түсіреді, қажет болса кемшіліктер жайлы акті жасап отырады;
- Дауыс санау барысында жіберілген кемшіліктер туралы үйлестірушіге дереу хабардайды;
- Сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің назарын кеткен кемшіліктерге аударады;
- Дауыс санау процесі аяқталған соң дереу қорытынды хаттаманың куаландырған көшірмесін беруді талап етеді;
- Қорытынды хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінде іліп қоюды талап етеді;
- Дауыс санау процесі аяқталысымен учаскедегі дауыс берудің аяқталғаны жайлы үйлестірушіге хабар береді. Қорытынды хаттаманы және басқа да құжаттарды аймақтық комиссиясына бірге жеткізу жайлы қосымша тапсырма алады;
- Қорытынды хаттаманы суретке түсіріп өз үйлестірушісіне жібереді

Сайлау процедуралары аяқталған соң байқаушы үйлестірушіге барлық сайлау мәліметттерін есепті формаға толтырып жібереді.

ЗАҢСЫЗДЫҚТАРДЫ ТОЛТЫРАТЫН АКТІ

Тәуелсіз байқаушылар бұрмаланған заңсыздықтар жайлы актіні ЕКІ ДАНА етіп жасайды. Байқаушы актінің бір данасын қорытынды хаттамаға тігу үшін комиссияға береді.Актінің екінші данасын өзінің үйлестірушісіне береді.

Қ.Р «Сайлау туралы» Конституциялық заңының 20-1 бабына сәйкес байқаушы СК мүшелерінің назарын жіберген кемшіліктерге аударып, Конституциялық Заңының талаптары бұрмаланғандығы туралы жазбаша акті толтырып, шағым тапсырғандығы жайлы белгі соқтырады.

Сайлау комиссиясының төрағасы немесе оның міндетін атқарушы,байқаушы және сенімді өкілдер толтырған актінің бір данасын қорытынды хаттамаға тігуге міндетті.

Егер сайлау комиссиясының төрағасы заңсыздықтар жайлы актіні қабылдаудан бас тартса ондай жағдайды тәуелсіз байқаушы екі куәгерді қол қоюға шақырады (іс жүзінде олар байқаушылар).

Акт нысаны «қосымша материалдар бөлімінде» табуға болады

МОБИЛЬДІК ТОПТЫҢ ҚҰРАМЫНДА БАЙҚАУ ЖҮРГІЗУ

Дауыс беру күнінен 1 күн бұрын Үйлестіруші, байқаушы және мобильдік топ мүшелері:

- Мобильдік топтарға ерекше мақсаттар қояды;
- Мобильдік топтардың құрамын және олардың қатынасы мен байланысу графигін жоспарлап бекітеді.Жоспар бойынша байқаушылармен қамтылған стацианарлық постыларға соқпай кету жағы ойластырылады
- Мобильдік байқаушылар ашылу және дауыс санау процесіне қатысатын сайлау учаскелердің нөмірлерін анықтайды, (бұл учаскелер әртүрлі болуы мүмкін немесе жағдайға байланысты сол учаске болуы мүмкін);
- Мобильдік топтардың автокөлігі техникалық жағынан жарамдылығына көз жеткізуі керек.

Байқаушы учаскеге мынандай құжаттармен келеді:

- Жеке басының куәлігі;
- Байқаушылық куәлігі(жолдама) Онда байқаушының тегі,аты,әкесінің аты,учаскенің нөмірі көрсетіліп, жолдама беруші ұйым басшысының қолы және мөрімен расталуы керек.
- Ұйымның Жарғысынан Үзінді, онда ұйымның қызметі мен мақсаты көрсетілуі тиіс*
- Толық қуатталған смартфон, қуаттаушы, паузр-банк (егер бар болса)
- Тамақ (бутерброд, су секілді);
- Байқаушының блокноты;
- Арыз,шағым және есеп беру акт бланкалары, қаламсап;
- Санитарлық қажеттілік заттар (маска, санитайзер, қолғап*.

Байқаушы сайлау комиссиясына Төрағасына мына құжаттарды көрсетіп келіп тіркеледі:

- Жеке куәлігі;
- Байқаушының аты жөні,учаскенің нөмірі жазылған,байқаушыны жіберген ұйым басшысының қолымен ұйымның мөрі басылған жолдамасы:
- Ұйымның Жарғысынан Үзінді онда ұйымның мақсаты мен міндеті көрсетілуі тиіс.*



Комиссияның хатшысына тіркелген соң байқаушы байқау жұмысына кірісіп, сайлау учаскесінің Ашылуына қатысады.

*** Осы жұлдызша арқылы көрсетілген талаптар» Сайлау туралы» заңмен көрсетілмеген, себебі Ковид пандемиясына байланысты уақытша енгізілген.**

УЧАСКЕНІҢ АШЫЛУЫ

Байқаушы сайлау комиссиясы төрағасының іс-қимылдарын байқап отырады:

- Сайлау комиссиясының төрағасы комиссия мүшелерінің қатысуымен дауыс беру жәшігінің ішінде блюллетеньдер бар ма, жоқ па деп тексереді,жәшіктің бүтіндігін, он пломбалап мөр басып аузын жабылуын қадағалайды;
- Сайлау комиссиясының төрағасы айлау блюллетеньдерін беріп отыратын жауапты комиссия мүшелерін анықтайды.

Осы процедуралар аяқталған соң байқаушы өз үйлестірушісіне учаскенің Ашылуы туралы актіні толтырып жібереді.

ДАУЫС БЕРУ БАРЫСЫ

Байқаушы дауыс беру барысын байқауға кіріседі:

- Жоспарланған жұмыс графигі бойынша учаскелерді аралайды;
- Учаскенің маңайын зерттейді, сезікті көріністерді байқаса оларды бейне таспаға түсіріп Үйлестірушіге хабарлайды;
- Жұмыс графигі бойынша сайлау учаскелерінде тіркеледі;
- Учаскелерде болған кезде мобильдік байқау формаларын толтырады;
- Учаскелерге барған кезде (әрбір жарты сағат сайын) Үйлестірушімен байланыс жасап, сайлау барысы жайлы ақпаратты беріп, мобильдік байқаушының есепті формасын суретпен жіберіп отырады.

Штаттан тыс жағдай туындаған кезде байқаушы:

- Дау дамайларға араласпайды
- Жағдаятты бейне таспаға түсіреді
- Үйлестірушіге хабарлайды
- Денсаулығына немесе мүлігіне қауіп төнген жағдайда учаскеден
- кетіп қалады
- Дау дамай шешілген соң жоспарлы график бойынша жұмысын жалғастырады.

Стационарлық учаскеде штаттан тыс жағдай орын алған кездерде мобильдік байқаушы:

- Оқиға орнына келеді
- Жағдаятты бейне таспаға түсіреді;
- Үйлестірушіге хабарлайды;
- Қажеттілік жағдай туындағанда учаскедегі байқаушыны қосалқы байқаушымен ауыстыра алады.
- Дау дамай мәселесі шешілген соң байқаушы жұмысын жалғастыра береді.





Дауыс берудің аяқталуына 30 минут қалғанда мобильді байқаушылар сайлау учаскесіне келеді, олар осы учаскеде дауыс санағын есептеуге байқау жүргізетін болады.

Бұл учаскені үйлестіруші алдын ала өткізген мәжілісте жоспарға кіргізуі мүмкін немесе байқау барысында бұрмалану фактілері бар деген күдік туғызған жағдайда таңдалады.

Учаскеге келген соң мобильді байқаушы сайлау комиссиясының хатшысына тіркеліп байқау жұмысын бастайды.

Сайлау поцедуралары аяқталған соң байқаушы үйлестірушіге барлық сайлау мәліметтерін есепті формаға толтырып жібереді.

ДАУЫСТАРДЫ САНАУ

Дауыс беру аяқталысымен сайлау комиссиясы дереу дауыс санауға кіріседі.

Байқаушы:

- Дауыстарды санау процесін бюллетендегі белгілерді айқын көретін қашықтық арқылы байқап отырады.
- Барлық қателіктерді бейне таспаға сол заматта түсіреді, қажет болса кемшіліктер жайлы акті жасап отырады;
- Дауыс санау барысында жіберілген кемшіліктер туралы үйлестірушіге дереу хабарлайды;
- Сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің назарын кеткен кемшіліктерге аударады;
- Дауыс санау процесі аяқталған соң дереу қорытынды хаттаманың куаландырған көшірмесін беруді талап етеді;
- Қорытынды хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінде іліп қоюды талап етеді;
- Дауыс санау процесі аяқталысымен учаскедегі дауыс берудің аяқталғаны жайлы үйлестірушіге хабар береді. Қорытынды хаттаманы және басқа да құжаттарды аймақтық комиссиясына бірге жеткізу жайлы қосымша тапсырма алады;
- Қорытынды хаттаманы суретке түсіріп өз үйлестірушісіне жібереді.

Сайлау процедуралары аяқталған соң байқаушы үйлестірушіге барлық сайлау мәліметттерін есепті формаға толтырып жібереді.

Тәуелсіз байқаушының сотқа талап арызы немесе сайлау комиссиясына шағым арызы

Сотқа талап арыз

2021 жылдың 01.07- інен бастап сайлауға, референдумге қатысқан азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің құқын сотта қорғау ҚР Әкімшілік процедуралық, процессуалдық Кодексіне (25 ші тарау) сәйкес жүргізіледі. (29.06.2020ж №350 V-I).

Осы категорияға жататын істердің соттылығын Кодекстің **102 бабы** арқылы арнайы мамандырылған немесе соған теңестірілген Әкімшілік соттарда анықталады.

Назар аударыңыз Кодекстің 163 бабының 1 тармағына назар аударыңыз:

- Сайлау және референдум алдында, сондай-ақ сайлау барысында түскен арыздар сайлау күніне дейін **5 күн ішінде** қаралуы тиіс
- Сайлауға, референдумға бес күн қалғанда сайлау күні қорытындысы жарияланғанға дейін түскен талап арыздар **дереу(!)** қаралады.
- Сайлаушының тізіміндегі аты жөніне қатысты шешіміне шағым түсіру жөніндегі талап арыз **Сол күні(!)** қаралуға тиіс**.**

Айта кететін жайт, Кодекстің 164 ші бабының 1 тармағы бойынша талап арызды қанағаттандырған сот шешімі сайлаушының құқығын қалпына келтіру негіз деп саналады.

Тиісінше Кодекстің 164 бабының 2 тармағы бойынша **сот шешімін алған 3 (үш) күннің ішінде** бірінші инстанциялық сот шешіміне апелляциялық шағым түсіруге мүмкіндік алады.

Соттың апеллияциялық инстанциялық шағым бойынша шығарылған Қаулысы қайта шағым түсіруге және наразылық білдіруге **жатпайды(!)**

Қорыта айтқанда бүгінгі таңдағы заң ережелері азаматтардың және қоғамдық бірлестіктерінің;

Сайлау (референдум) құқын қорғау қақында екі ғана құқықтық саты қарастырылған;

Атап айтқанда:

- Бірінші инстанция;
- Апелляциялық инстанция.

Талап арыздың формасы мен мазмұны.



Бірінші инстанциялық сотқа талап арыз жазбаша немесе электронды түрде беріледі.

- Талап арыз мына жағдайларды қамтиды;
- Талап арыз жіберіп отырған соттың аты;
- Талапкердің аты-жөні, туған жылы, мекен жайы, ЖСН егер талапкер заңды тұлға болса онда оның атауы, мекен жайы, бизнес ЖСН және банк реквизиттері, өкілдің тегі, аты жөні, мекен жайы (егер арызды өкілі берсе) Арызда ұялы телефондағы абоненттік нөмірі, электронды почтасы (егер болса);
- Жауапкердің тегі, аты жөні, әкесінің ааты,мекен жайы ЖСН (егер талапкер болса) егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның толық атауы,мекен жайы, банк реквизиттері;(егер білсе) және бизнес (егер болса) ЖСН, арызда жауапкердің абоненттік телефон нөмірі, ұялы телефоны электрон почтасы(егер болса);
- Заңсыздықтың мән мағынасы немесе азаматтың еркіндігі мен құқына төнген қауіп қатер және талапкердің заңды мүддесімен талаптары;
- Талапкердің қандай жағдаяттарға сүйенетіндігі сонымен бірге жағдаяттарды айғақтайтын негіздер;
- Талап арызға тігілетін құжаттар;
- Талап арызға қосымша- заңсыздықтар жайлы акт, заңсыздықтарды айғақтайтын сурет, бейне таспа жазба және аудио материалдар.

Талап арыздарды жолдаудың амалдары

1. Қолмен тапсыру:
   - Комьпютерге басылған және оған қол қойылған талап арызы,- сондай-ақ оған қоса тігілген материалдарды арнайы мамандарылған немесе соған теңестірілген Әкімшілік **сот Кеңсесіне қолма қол** апарып тапсырады.
   - Сіздің өзіңізде қалатын талап арыздың данасында сот Кеңсесінің кірістік нөмірі жазылады
   - Сот мәжілісі өтетін уақытын СМС арқылы күту

2. Почта арқылы жолдау:
   - Басылған және қол қойылған талап арызды қосымша тігілген материалдармен бірге **АҚ «Қазпочта» немесе курьерлік қызмет арқылы** тиісті мамандырылған аудандық Әкімдік немесе оған теңестірілген **соттың Кеңсесіне** жолдайды
   - АҚ «Қазпочта» немесе курьердің қызметкеріне пакетті тапсырған кезде оның ішіндегі құжаттардың тізімін және мәртебесін көрсету(түп нұсқа,көшірме) қажет.
   - Міндетті түрде құжаттың мәртебесін көрсетіңіз және адресатқа тапсырылғандығы жөнінде хабардың келуін міндеттеңіз;
   - Сот мәжілісінің болатын күнін СМС арқылы күтіңіз.

3. Электрон арқылы шағымдану:

- Мемлекеттік ақпараттың қызметін көрсету онлайн сайтында https://egov.kz/cms/ru; электронды цифрлы қолы(ЭЦҚ) қолданып кіру;
- Сот кабинетінің сервисіне кіру https://office.sud.kz/;
- Сот өндірісін жүргізетін парақшаға кіру;
- Әкімшілік сот өндірісін жүргізетін парақшаға кіру; (ӘІЖК)
- Бірінші инстанциялық сот өндірісінің парақшасына кіру;
- Талап арыз жолданған астананың (республикалық маңызы бар қаланың) облыстың атауын көрсету;
- Қай соттың қарауына жататындығын таңдау (заңсыздық орын алған қаланың аудандық соты);
- Сот поцесінің жақтарын көрсету;
- Талап арызда көрсетілген баарлық қосымша материалдарды қосып тігу;
- Талап арыздың электронды цифрлау амалымен қол қою (ЭЦҚ);
- Сот мәжілісінің уақытын СМС арқылы күту.

Аппеляциялық шағымдану

Кодекстің 164 бабының 2(екі) ші тармағына сәйкес инстанциялық соттың шешіміне апеллициялық шағым беру сот шешімінің көшірмесін қолына алған **3 күннің** ішінде жүргізіледі

Апеллациялық сіз жіберген шағым сотқа жіберіледі

Бұл жағдайдағы шағымның талап арыздан ешбір айырмасы жоқ, айырмашылығы біреу ғана талап арыз дегеннің орнына **апеллициялық шағым** деп жазылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ (!)

Сотқа арыздану кезінде мемлекеттік Баж салығын төлеуден босатылады- республикалық рефрендумға қатысуға құқы бұзылған сайлаушылармен қоғамдық бірлестіктерінің атынан арызданушылар, Сайлау комиссияларының шешімдеріне шағымдану және шешімдерінің күшін жоюға сүйенетін негіздері.

Апелляцияға өтініш берудің және сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттерінің күшін жоюдың жалпы негіздері.

Азаматтармен қоғамдық бірлестіктерінің сайлау құқықтарының бұзылуына байланысты шағымдану мүмкіндігін ҚР «Сайлау туралы»-Заңның ҚР Конституциялық сайлау туралы заңының 49 бабымен реттеледі.

Заңның 49 бабы бойынша азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерінің құқықтарының бұзылуын реттейді, яғни олардың арызын сайлау комиссиялары арыз түскен **5 күннің ішінде** қарайды (егер осы Конституциялық заңмен басқа мерзім көрсетілмейді).

Сайлау комиссияларының және оның мүшелерінің іс қимылдарына (әрекетсіздігіне) түсірілген арыз шағымдар **3 күннің ішінде** қаралуы тиіс (осы Конституциялық Заңмен басқа мерзім қаралмаса)

Осындай жолмен бүгінгі таңдағы заңнама ережелері (иерархиялық) үш сатылық жолмен азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың арыздану жолын қарастырады. Нақты айтқанда:

- Учаскелік сайлау комиссиясы;
- Аймақтық сайлау комиссиясы;
- Орталық сайлау комиссиясы.

Арыздармен шағымдардың формасымен мазмұны.

Заң бойынша арыз шағымдардың формасы жайлы белгілі ережелермен реттелмеген.

Арыз шағымдарда келесі жәйттер қарастырылууы тиіс:

1. Елді мекен атауы
2. Сайлау учаскесінің атауы жоқ және СК төрағасының аты жөні, әкесінің аты;
3. Арыз шағымды жазған адамның аты жөні,әкесінің аты,мекен жайы,телефоны,электрондық почтасы;
4. Бұзылған сайлау заңының мәні мен мазмұны;
5. Арыз шағымға айғақтайтын құжаттарды қосып тігу;
6. Өтінішке/шағымға растайтын құжаттардың көшірмелерін тіркеңіз.

Өтінішті / шағымды беру / жіберу тәсілдері

1. Қолма қол тапсыру:
   - Басылған және қол қойылған қосымшалары қоса тігілген арыз шағымды,құжаттармен бірге тиісті сайлау комиссиясына тапсыру қажет
   - Сіздің қолыңызда қалатын арыздың данасында сайлау учаскесі комиссиясының мөрі басылған кіріс нөмірі болуы қажет.
   - Арыз шағымның қаралу уақытын күтесіз.

2. Почта арқылы жолдау:

- Басылған және қол қойылған арыз шағым оған қоса тігілген құжаттармен бірге АҚ «Қазпочта» немесе курьерлік қызмет арқылы жолдаанады.
- АҚ «Қазпочта» немесе курьер қызметіне пакетті тапсырған кезде оның ішіндегі құжаттардың тізімін мәртебесін көрсе отырып тапсырасыз (түп нұсқа көшірме)
- Міндетті түрде құжаттар салынған пакеттің мәртебесін көрсетіп, тапсырғандығы жөнінде хабардың болуын міндеттейсіз.
- Арыз шағымның қаралу уақытын күтесіз.

3. Электрон арқылы шағымдану

Бүгінгі таңда электронды жолмен арыздану амалы мемлекеттік серввистік цифрлық ақпараттық сайт онлайн қызметін тек қана Орталық сайлау комиссиясына жүгінген кезде қолданылады.



- Мемлекеттік ақпарат қызметін көрсету онлайн https://egov.kz/cms/ru электронды цифрлы жолмен қол қойылған құжатты алу (ЭЦҚ);
- Электронды цифрлы қол немесе СМС арқылы жеке кабинетке кіру (ЭЦҚ);
- Электронды арыздар парақшасына кіру (ЭЦҚ);
- Қызметтік тапсырыс беру;
- Тиісті орындарды толтыру,аты жөні, әкесінің аты ЖСН мекен жайы;
- Аймақ графасына Нұр-Сұлтан деп көрсету;
- Алушы деген графаға Орталық Сайлау комиссиясы деп толтыру;
- Арыз шағымға қосымша материалдарды тігу (акт, сурет, бейна таспафайлдер);
- Электронды цифрлы арқылы қол қою (ЭЦҚ);
- Арыздың қаралу күнін күту.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ(!)

Арыз шағымды жоғарғы тұрған сайлау комиссияларға жолдау осы тәртіппен жүргізіледі. Учаскелік комиссиясының іс қимылына (әрекетсіздігіне) шағым түсіретініңізді атап көрсетіңіз.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАРЫ

ДАУЫС БЕРУ КЕЗІНДЕГІ БҰРМАЛАУЛАР

Процедуралық заңсыздықтар - Учаскенің ашылу процедурасы

Заңсыздықтар	ҚР «Сайлау туралы» Заңының немесе нормативті ережелердің бұзылуы	Байқаушының іс әрекеті
Сайлау учаскесінің тиісті уақытынан бұрын ашылуы (06.00 ден бұрын).	40-бап	Суретке және бейне таспаға түсіріп үйлестірушіге жібереді. **Есіңізде болсын!** УСК да тіркелгенге дейін сіз әлі байқаушы емессіз.
Дауыс беру басталғанға дейін дауыс жәшігінде бюллетеньдердің болуы.	40-бап	Суретке,бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру
Сайлау комиссиясының (СК) төрағасы дауыс жәшігін пломбыламады немесе мөр басып жаппады.	40-бап	Суретке,бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру
Комиссия төрағасы бюллетень беруге жауапты мүшелерді анықтамады.	40-бап	Суретке,бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру
Дауыс берудің сағат 7.00 бұрын БАСТАЛУЫ (егер уақыты өзгертілмесе).	40-бап	Суретке,бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру
Дауыс беру ғимаратына бағыттаушы жол көрсеткіштерінің болмауы, нөмірінің көрсетілмеуі.	39-бап	Суретке,бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс беретін ғимарат келесі талаптарға сай емес: 1. Ішінде үстелімен қалам саппен қамтылған жабық кабиналардың болмауы 2. Тұрақты станционарлық жәшіктің болмауы (ғимарат ішінде дауыс беруге арналған) 3. Тұтқасы бар жылжымалы дауыс жәшігі (екеу) (сыртқа шығаруға арналған) 4. Телефон аппарат 5. Үстел шамы,сағат 6. Сейф немесе темір жәшік 7. Калькулятор 8. Көшірме аппараты 9. Сайлау комиссия мүшелеріне арналған орындықтар 10. Байқаушы мен сенімді және БАҚ өкілдеріне арналған орындықтар 11. Кемі екі компьютер, оның біреуі мүмкіндігі шектеулі адамдарға үшін.	ҚР ОСК-ң Қаулысы 23.10.2012 № 21/183	Комиссияның назарын ОСК қаулысының талаптарын бұзуға аудару, фактіні видеоға түсіру, үйлестірушіге хабарлау, комиссиядан жауап болмаған жағдайда акт жасау.

Қабырғаға ілінген ақпарат стендісінің болмауы немесе стандартқа сай болмауы, Ақпараттық стенд сайлаушылардың назарына оңай түсетін жерде ыңғайлы жерде болуы тиіс, келесі ақпараттарды қамтуы қажет: • Сайлау комиссиясының құрамы: • Жоғарғы сайлау органдары, сот, прокуратура, құқық қорғау орындарының мекен жайымен телефондары • Үлгілер • Сайлау бюллетеньдері; • ҚР ОСК бірыңғай деректердің жиынтығын белгілеген стандартқа сай саяси партиялар жайлы мәліметтер; • Тиісті сайлау комиссиясы бекіткен сайлау ғимараты ішіндегі тәртіп ережесі: • Сайлау комиссиясының қорытынды хаттамасы (дауыс беру біткесін).	ҚР ОСК-ң Қаулысы 23.10.2012 №21/183	Комиссияның назарын ОСК қаулысының талаптарын бұзуға аудару, фактіні видеоға түсіру, үйлестірушіге хабарлау, комиссиядан жауап болмаған жағдайда акт жасау.
Байқаушыға,сенімді және БАҚ өкілдеріне дауыс жәшігін немесе жабық кабинаға кіріп шығуын көру қамтамасыз етілмеген.	39-бап	Суретке,бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару,Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасалмаған.	39-бап	Суретке,бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару,Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

Дауыс беру кезіндегі процедуралық заңсыздықтар

Заңсыздықтар	ҚР «Сайлау туралы» Заңының немесе нормативті ережелердің бұзылуы	Байқаушының іс әрекеті
Сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуы атап айтқанда құқық қорғау орындарының өкілдері болуы.	39-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Заң ережесін бұзған сайлау комиссиясының мүшесі қызметтен қуылмаған.	39-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Комиссия арыз шағымды қабылдамайды Шағымдарды хаттамаға тіркеуден бас тартады.	20-1 бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлаушы басқа адам үшін дауыс береді.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлаушыға бір сайлау бойынша біреуден көп бюллетень береді.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

Сайлаушыға тізімдегі аты,жөнін растайтын құжатсыз бюллетень беріледі.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Комиссия мүшесі бюллетенге қол қоймады. Сайлаушылар тізіміне қолын қоймады. Сайлаушы бюллетеньді алғандығы жөнінде тізімге қол қоймады.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс бюллетеньдерін Төраға мен комиссияның хатшысы беріп отыр.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Біреудің көмегімен бюллетень алушы сайлаушының жанындағы адамның аты жөні сайлаушының тізіміне тіркелмеген.	42-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлау комиссиясының мүшесі, қызметтік тұлғалар, саяситілші партияның немесе комерциялық емес ұйымның байқаушысы өздігінен толтыра алмайтын адамның бюллетеньіне көмектесуі .	42-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Басқа учаскенің мекен жайынан талонсыз келген адамды тіркеуге алу.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс санау басталған соң сайлаушылар тізіміне өзгерістер енгізу.	24-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс санау жергілікті уақытпен сағат 20.00 ден кейін жүргізілуітиіс .	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

Сайлау учачкесінен тыс жердегі дауыс берудегі процедуралық заңсыздықтары

Заңсыздықтар	ҚР «Сайлау туралы» Заңының немесе нормативті ережелердің бұзылуы	Байқаушының іс әрекеті
Үйде дауыс беремін деп жазбаша арыз бермеген адамның сыртта дауыс беруі.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сыртта дауыс беру жөніндегі жазбаша өтінішін жергілікті уақытпен 12.00 ден кейін берген.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлау комиссияларының мүшелері байқаушы жылжымалы жәшіктердің сыртқа шығатындығы жайлы ескертпеген және сыртта дауыс беруге шыққан СК мүшелеріне еріп баруға тиым салынған.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлау ғимаратынан тыс жерде дауыс беремін деп өтініш берген азаматтардың аты жөні тұсына белгі қойылмаған; сайлау комиссиясының мүшесі сыртта дауыс беретін бюллетенге және оның арызына белгі қоймаған.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

Жылжымалы дауыс жәшігін саны 2(екі) адамнан кем сайлау комиссиясының алып жүруі.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлау комиссиясының мүшесі учаскеден тыс жерде дауыс беруші сайлаушыны үгіттеген.	41-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

Дауыс санау кезіндегі процедуралық заңсыздықтары

Заңсыздықтар	ҚР «Сайлау туралы» Заңының немесе нормативті ережелердің бұзылуы	Байқаушының іс әрекеті
Дауыстарды санау жергілікті уақытпен 20:00 ден бұрын басталуы; Дауыс санау кезінде үзілістердің болуы; Дауыс санау уақытының 12 сағаттан асып кетуі.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлау комиссия мүшелерінің іс қимылдарын қатысушы адамдардың көре алу мүмкіндегі қамтамасыз етілмеген; Байқаушылар бюллетеньге белгі салынды ма,жоқ па көре алмайды.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс жәшіктері ашылғанға дейін бюллетеньдерді алған сайлаушылардың жалпы саны анықталмады Дауыс жәшіктері ашылғанға дейін бюллетень алған сайлаушылардың жалпы саны анықталмады және дауыс беру хаттамалары тіркелмеді.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлау комиссиясының Төрағасы дауыс беру аяқталды деп жариялағанға дейін жәшіктер ашылды.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Жәшіктер ашылғанға дейін пайдаланған бюллетеньдер саналмады және жойылмады.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Комиссия тізім бойынша: • Учаскедегі сайлаушылардың жалпы санын; • Бюллетень алған сайлаушылардың санын; • Сайлау комиссиясының әрбір мүшесіне берілген бюллетеньдердің жалпы санын анықтамады.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Жылжымалы жәшіктер Бірінші боп ашылмаған.Жылжымалы жәшіктерден шыққан бюллетеньдердің саны сыртта дауыс беремін деп түскен өтініштердің санынан артық болса.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

Жылжымалы жәшіктегі бюллетеньдер жарамсыз деп саналады, Егер олар сыртта дауыс берем деп өтініш жазғандардың санынан көп болса; Сыртта дауыс беру үшін жәшікті алып барған сайлау комиссия мүшелерінің толық аты,жөні көрсетілмесе ондай жағдайда жәшіктен алынған бюллетеньдердің жарамсыздығы жайлы акті жасалады.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Сайлау жәшіктерінен алынған сайлау бюллетеньдерінің саны берілген сайлау бюллетеньдерінің санынан АСТЫ.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Жәшіктен алған ббллетеньдердегі белгінің кім үшін екендігін көрсетпейді және дауыстап айтпайды.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Әрбір партия үшін белгі алған бюллетеньдермен жарамсызбюллетеньдер бөлек бөлек қойылмайды; Әрбір партияға берілген бюллетеньдер бөлек бөлек саналмайды.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Комиссия бюллетендер жөнінде: • Учаскеде дауыс берген сайлаушылардың жалпы санын; • Әрбір партия үшін дауыс береген сайлаушылардың санын; • Жарамсыз деп саналған бюллтеньдердің санын; •Комиссияның салған бюллетендерінің жалпы санын; • Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саналмады; • Үлгісі заңға сай келмейтін бюллетендер • СК мүшелерінің қолы жоқ бюллетеньдер саны анықтамады.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Келесі бюллетеньдер жарамсыз деп танылмады: • анықталмаған үлгідегі; • комиссия мүшесінің қолы ЖОҚ; • Кез келген саяси партия үшін бірнеше белгісі бар қарындашпен толтырылған сайлаушының ерік -жігерін анықтау мүмкін емес.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Бюллетеньдердің жарамдылығы туралы келіспеушіліктерді дауыс беру арқылы ЕМЕС комиссия жойды.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс беру үшін таратылған жарамсыз бюллетеньдер жалпы саннан шегерілмеген	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

Дауыс санағының нәтижесі қорытынды хаттамаға жазылмаған бюллетеньдер сәйкес келмейді.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс санағының нәтижесі жазылған хаттама қарандашпен немес әртүрлі сиямен толтырылған.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Дауыс нәтижесі толтырылған хаттамада түзетулер орын алған.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Хаттамадағы цифрлы сандар жазбаша түрде қайталанбаған.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.
Хаттаманың көшірмесі сайлау учаскесіне ілінбеген.	43-бап	Суретке, бейне таспаға түсіріп комиссияның назарын аудару, Үйлестірушіге хабарлау, әсері болмаса акті толтыру.

САЙЛАУ НӘТИЖЕСІНЕ ӘСЕРІ БОЛМАҒАН ЗАҢСЫЗДЫҚТАРЫ

Заңсыздықтар	ҚР «Сайлау туралы» Заңының немесе нормативті ережелердің бұзылуы	Байқаушының іс әрекеті
Байқаушыны негізсіз желеумен тіркеуден бас тартқан.	20-1 бап	Үйлестірушіге хабар беру, суретке бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 126 бабымен шағымдануға болады (126 ҚР ӘК)
Байқаушыға дауыс беру барысын байқауға, атап айтқанда дауыс беру процедурасына және санақ процесін бақылауға аталған процедураларды қамтамасыз етерін қашықтан көріп отыруға мүмкіндік берілмеді.	20-1 бап	Үйлестірушіге хабар беру, суретке бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 126 бабымен шағымдануға болады (126 ҚР ӘК)
Байқаушыға сурет,аудио,бейне таспаға түсіру(сайлауға кедергі жасамай)мүмкіндігін бермеген.	20-1 бап	Үйлестірушіге хабар беру, суретке бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 126 бабымен шағымдануға болады (126 ҚР ӘК)
Дауыс беру күні үгіт жасау.	28-бап	Үйлестірушіге хабар беру, суретке бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 102 бабымен шағымдануға болады (102 ҚР ӘК)
Отбасылық дауыс беру-бір адамның бірнеше адам үшін дауыс беруі.	41-бап	Үйлестірушіге хабар беру, суретке бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 108 бабымен шағымдануға болады (108 ҚР ӘК)
Қайта қайта дауыс беру (карусель).	41-бап	Үйлестірушіге хабар берусуретке, бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 108 бабымен және ҚР Қылмыстық Кодекстің РК 110 бабымен шағымдануға болады (108 и 110 ҚР ӘК)

Сайлаушыларды көлікпен тасу.	41-бап	Үйлестірушіге хабар берусуретке, бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 108 бабымен және ҚР Қылмыстық Кодекстің РК 110 бабымен шағымдануға болады (108 и 110 ҚР ӘК)
Дауыс беру барысында ббл-летеньдерді жәшікке топтап тастау.	41-бап	Үйлестірушіге хабар берусуретке, бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 108 бабымен және ҚР Қылмыстық Кодекстің РК151 бабымен шағымдануға болады
Дауыс санау(дауыс беру) ба-рысында бюллетеньді топтап лақтыру.	43-бап	Үйлестірушіге хабар берусуретке, бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 108 бабымен және ҚР Қылмыстық Кодекстің РК151 бабымен шағымдануға болады
Байқаушыға мөр басылған және СК мүшелері қорытынды хатта-маның КӨШІРМЕСІН БЕРУДЕН БАС ТАРТУ.	43-бап, 20-бап-1	Үйлестірушіге хабар беру, суретке бейне таспаға түсіру, сотқа беру үшін жазбаша жауап беруді талап ету, дау дамайға түспеу, ҚР Әкімшілік процессуалды заң бұзушылық туралы Кодекстің 119 бабымен шағымдануға болады (119 и 126 ҚР ӘК)

АКТІ №

_____обылыс _____қала «____» _____ 20____ г.
Сайлау учаскесі №_____

Акт жасағандар:
1. Байқаушы_____
2. Байқаушы_____

№____ Сайлау учаскесінде ____час ____мин. мезгілінде ҚР "Сайлау туралы" Заңының ережелерінің төмендегі мағынада бұрмаланғанын анықтады:

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Акт жасағандар (сенімді өкіл,байқаушы):

_____ _____
(Аты,жөні,әкесінің аты,жеке куәлік нөмірі) (қолы мен мекен жайы)

_____ _____
(Аты,жөні,әкесінің аты,жеке куәлік нөмірі) (қолы мен мекен жайы)

_____ _____
(Аты,жөні,әкесінің аты,жеке куәлік нөмірі) (қолы мен мекен жайы)

_____ _____
(Аты,жөні,әкесінің аты,жеке куәлік нөмірі) (қолы мен мекен жайы)

Бұл актімен учаскелік сайлаудың төрағасы (хатшысы) таныс болды:

_____ _____
(Аты,жөні,әкесінің аты) (қолы)

Төраға (хатшы) осы актіге қол қоюдан бас тартты:
Бақылаушылар:

_____ _____
(Аты,жөні,әкесінің аты,жеке куәлік нөмірі) (қолы мен мекен жайы)

_____ _____
(Аты,жөні,әкесінің аты,жеке куәлік нөмірі) (қолы мен мекен жайы)

_____ қ-сы _____
аудандық сотына

Арызданушы _____
тегі аты жөні,әкесінің аты туған жылы, ЖСН,ұялы телефон нөмірі мекен жайы

Жауапкер Учаскелік сайлау комиссиясы
№ ___ қ-сы _____

Орналасқан жері: _____

УСК төрағасы № ____ қ-сы _____

_____
аты жөні, әкесінің аты

Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы
заңсыз әрекеттерді тану жөніндегі
Қазақстан Республикасының ӘІЖК 25-тарауының тәртібімен

Мен,_____сайлаудабайқаушыбопқызметатқардым_____
Байқаушының аты жөні,әкесінің аты сайлаудың атауы

_____
ұйымның атауы

«___» _____ 202___ жыл шамамен ___ уақыт ___ минут _____
бұрмаланған ережелердің сипаттамасы

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

Бірақ УСК өкілі № ____ _____ менің өтініштерімді орындаудан бас тартты
УСК төрағасының аты жөні

_____
реакция сипаттамасы

_____

_____ төмендегі негіздерді арқау етті:

_____
негіздердің сипаттамасы

_____

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып сұраймын:

_____
Заң бойынша қандай іс әрекеттер жасалыну керектігін сипаттап көрсету, мысалы УСК №___ төрағасының қандай заңсыздықтарға жол бергендігін анықтап көрсету,т,с,с

_____

_____

_____

_____

Аты ж-жөні,әкесінің аты_____ қолы _____ күні _____

Қосымша:
1. Байқаушының куәлік көшірмесі.
2. Байқаушының жеке куәлік көшірмесі
3. Заң ережесінің бұрмалануы жайлы акт
4. Заңсыздықтар жайлы айғақтар,сурет,бейне таспа жазулар

В_____ қ-сы_____
СК

Арыз беруші _____
аты жөні,әкесінің аты

_____
туған жылы ЖСН,ұялы телефон нөмірі

_____
мекен жайы

УСК төрағасының шешімін заңсыз деп тану туралы арыз

Мен _____ сайлауда байқаушы боп қызмет атқардым _____
Байқаушының аты жөні,әкесінің аты сайлауды аталуы

_____.
ұйымның атауы

«___» _____ 202___ жылы шамамен ___ уақыт ___ минут _____
бұзылған ережелердің сипаттамасы

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

Бірақ УСК өкілі № ____ _____ менің өтініштерімді орындаудан бас тартты
аты жөні әкесінің аты

_____
реакция сипаттамасы

_____

_____ төмендегі негіздерді арқау етті:

_____
негіздердің сипаттамасы

_____

_____

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып сұраймын:

_____
Заң бойынша қандай іс әрекеттер жасалыну керектігін сипаттап көрсету, мысалы УСК №___ төрағасының қандай заңсыздықтарға жол бергендігін анықтап көрсету,т,с,с

_____

_____

_____

_____

Аты жөні,әкесінің аты_____ қолы _____ күні _____

Қосымша:
1. Байқаушының куәлік көшірмесі.
2. Байқаушының жеке куәлік көшірмесі
3. Заң ережесінің бұрмалануы жайлы акт
4. Заңсыздықтар жайлы айғақтар,сурет,бейне таспа жазулар